

№12 дәрістің тақырыбы: Жоғары сатыдағы өсімдіктер: Мүк тәрізділер. Псилот тәрізділер. Плаун тәрізділер. Қырықбуын тәрізділер. Папортник тәрізділер. Ашық тұқымдылар. Жабық тұқымдылар
Терминдер мен анықтамалар:

Дәрістің топтама-тәсімі (тірек конспектісі немесе тезистер)

Мүктәрізділер (лат. *Bryophyta*) — жоғары сатыдағы автотрофты өсімдіктердің құрылысы қарапайым тобы. Қазба қалдықтары карбон кезеңінен белгілі. Үштік және төрттік кезеңдерде Мүктәрізділер құрлыққа тарап, ареалдары қалыптасты. Солтүстік жарты шардан тропиктік, қоңыржай аймақтарға дейінгі пайда болған шымтезектердің қалың қабаттарының қалыптасуы Мүктәрізділердің тіршілік әрекетіне байланысты.

Мүктер жер бетінің барлық жерлерінде кездеседі. Әсіресе ылғалы мол жерлерде олар қалың болып өседі. Орманның батпақты жерлерінде мүктер жер бетін тұтас жауып жатады. Мүктерді ағаштан салынған үйлердің шатырынан, ағаш діндерінен, тастардың, жартастардың бетінен көреміз. Мүкті ағаштардың сынып түскен бұтақтарынан, тіптен терең тұшы сулардың түбінен кездестіруге болады. Климаты аса қатал Артика мен Антарктиданың бір қатар аудандарында жоғары сатыдағы өсімдіктерден тек мүктер ғана өседі. Мүктерді зерттейтін ғылымды Бриология деп атайды.

Мүктәрізділердің 3 класы (*Marchantiopsida*, *Bryopsida*, *Anthocerotopsida*), дүние жүзі бойынша 22000-нан 27000-ға дейін түрлері кездеседі. Қазақстанда 400-ге тарта түрі анықталған.

Ашық тұқымдылар, жалаңаш тұқымдылар (*Spermatophyta*) – тұқымы мен тұқым бүрі жеміс жапырақшасының үстінде ашық жататын жоғары сатыдағы өсімдіктердің ежелгі тобы. Олар девон, тас көмір, пермь кезеңдерінде пайда болған. А. т-дың 600-дей түрі саговниктәрізділер *Sucadophyta*, гинготәрізділер (*Ginkgophyta*), қылқан жапырақтылар (*Coniferophyta*) және *Qnetophyta* гнеттәрізділер немесе қабықты тұқымдылар (*Qnetophyta*) болып 4 топқа бірігеді. Қазақстанда 3 тұқымдасы, 6 туысына жататын 25 түрі бар. Олар негізінен Қазақстанның таулы аймақтарына топтасқан. А. т-дың түрлеріне Алтайдың самырсынды тайгасы, Тянь-Шаньның шырша және сирек аршалы ормандары жатады. А. т-ға жататын өсімдік түрлерінің тұқым мен тұқым бүрі жабық тұқымдылардай аналық керегесімен қапталмайды. Сонымен қатар олардың гүл серігі мен трахеялары да болмайды, ал гүлдері дара жынысты, бір үйлі. А. т. – ағаш тәрізді өсімдіктер (ағаштар, бұталар, шыршауықтар), олардың ішінде шөптесін өсімдіктер мүлде кездеспейді. А. т-дың ормандарда атқаратын рөлі ерекше. Олар су айналымын реттейді, топырақты эрозиядан сақтайды. Кейбір түрлерінің (қарағай, самырсын, шырша, т.б.) шаруашылыққа маңызы зор.

Гүлді өсімдіктер немесе **Жабық тұқымды өсімдіктер** (лат. *Magnoliophyta*, немесе *Angiospermae* от көне грекше: ἀγγείον — ыдыс, көне грекше: σπέρμα — ұрық) — Жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің бөлімі, басты ерекшелігі – гүлінің, жемісінің болуы, гүлінде аналықтың болуы.

Гүлді өсімдіктердің алуан түрлілігі таңқаларлықтай. Дүние жүзі ботаниктерінің жүргізген зерттеулері нәтижесінде, гүлді өсімдіктердің шамамен 250 мыңдай сан алуан түрі белгілі.

Теориялық сұрақтар:

1. Жоғары сатыдағы өсімдіктер қалай жіктеледі?
2. Мүк тәрізділердің тіршілік ортасы қандай?
3. Папортник тәрізділердің алуантүрлілігін атаңыз
4. Ашық және жабық тұымды өсімдіктердің айырмашылықтары мен ұқсастықтары неде?